



ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

ҚАНАТ пен ГЕНА



Қанат ИСЛАМ, кәсіпқой боксшы:

«Қазақ елінің жастары шетелге шығып, қазақтың намысын, Қазақ елін әлемге танытайық. Елімізде тек қана тыныштық болсын, Елбасымыз аман болсын. Қазақ елі жасасын!»

(Қанат Исламның колумбиялық Хуан Де Анхелді жеңгеннен кейін айтқан сөзі)
09.05.2016 ж.

Қанат Ислам халқымның сұсы емес пе,
Ұлты ұшырған көңілдің құсы емес пе!
Алпауыт ел – АҚШ-та алшаң басқан,
Қазақ десем, Қанатым түседі еске.

Батыр бауырым, намысты көп сайладың,
Жалын болдың, өшпейтін отта ойнадың.
Туған елден жырақта жүрсең-дағы,
Қазағымның көтердің көк байрағын.

Қанат осы - жүзінен нұр ататын,
Жүрегінен, жанынан жыр ататын.
Қанат осы - қарсылас атаулыны,
Жылататын – намыспен құлататын.

Қанат – Гена, батыр деп нықтаймыз ғой,
Екі досты ел жақтап, құптаймыз ғой.
Қос батырды рингте кездестіріп,
Қойғаннан біз ештеңе ұтпаймыз ғой.

Қанат батыр, ешқашан жеңілмеген,
Жеңілмеген - жеңілден көрінбеген.
Көк байрақты көтерген Генаны да,
Қазақ деп біз білеміз сенімменен.

Қанат аты ғарышқа ұшады ылғи,
Қуаныштың әлемін құшады ылғи.
Гена екеуің рингке шыққан кезде,
Бүкіл қазақ тақымын қысады ылғи.

Марат МАМАНБАЙ



Геннадий Головкин
енді әлем чемпионы
Сауль Альвареспен
қолғап түйістіріп,
Қазақ елінің намысын
қорғайды.



ӘУЕЗХАН
ДАРЫНОВ: ӘКІМ
ҚАРАПАЙЫМ
ШАРУАҒА ЖЕР
БЕРМЕЙДІ

3



ЖАЛАҚЫСЫЗ
ҒАЛЫМ – 2

4



«БӘРІНЕ
ҒАЛАМТОР
КІНӘЛІ»

8

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Жол жамаудың
теміртаулық әдісі



ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Дәлелсіз айыптамайық



Мәулен Әшімбаев: Құр сөзбен біреуді бірден айыптауға болмайды. Дәлелсіз айыптамайық. Әр жағдайға, әр фамилияға мұқият қарайық. Егер бұл құжаттан қандай да бір шенеуніктің есімі табылып, заңға сәйкес оның кінәсі дәлелденетін болса, оның ісін құзырлы орган қарайды.

(Жалғасы 2-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
47,61


DOLLAR
331

EURO
378

РУБЛЬ
5,10

МӘССАҒАН

ҚАЗАҚЫ БИЗНЕС немесе 4-1=?



Жақында Румыния қылмыстық және террористік тергеу жөніндегі басқармасы ресми мәлімдеме жасады.

(Жалғасы 2-бетте)

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» ЖАҢА САЙТЫ

jasqazaq.kz



@ on the web

www.jasqazaq.kz
arda.com.kz

Билік

«Ұлт жоспарының» маңызы



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі министр Талғат Донақовты қабылдады.

Шешім

Елбасының тапсырмасымен Жер реформасы жөніндегі комиссия құрылды. Бұл туралы комиссия төрағасы, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев хабарлады.



Оның құрамына 75 адам кіреді. Олардың арасында Сенат пен Мәжіліс депутаттары, Үкімет мүшелері, саяси партиялар мен мемлекеттік органдардың өкілдері, ғалымдар, ауыл шаруашылығы мамандары мен қоғам белсенділері, саясаттанушылар мен журналистер бар.

Бақытжан Сағынтаев: «Комиссия біздің азаматтардың пікірталас барысы туралы шынайы ақпаратты БАҚ арқылы ашық түрде алуы үшін жұмыс істейді». Жер реформасы жөніндегі комиссияның алғашқы отырысы 14 мамырда Астанада өтеді.

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

9 мамырда Халықаралық зерттеуші журналистер консорциумы (ICJ) оффшорлық аймақтағы компания мен оның қожайынының тізімін жария етті. «Панама құжаты» деп аталған жасырын тізімде Қазақстанмен байланысты 4 компания бар. Сондай-ақ құпия дереккөзде ұзын-саны 200-ден астам отандасымыздың есімі аталған. Осыған орай Мәжіліс депутаты Азат Перуашев үкімет басшысына сауал жолдап, мемлекет ақшасын оффшорға әкетуге заңдық тұрғыдан тыйым салуды ұсынды. Біз Мәжіліс депутаты, халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Мәулен Әшімбаевтың осы мәселе туралы пікірін сұрадық.



Жас қазақ: Мәулен Сағатханұлы, әріптесіңіз Азат Перуашев «Панама құжатында» біздің шенеунік, әкім, мемлекеттік компания басшысының жүргенін айтты. Сонда бұл дереккөздің ақпараты шындыққа сәйкесе ме?

Мәулен Әшімбаев: Менінше, бұл жағдайда біз бірденені шайқалту, ушықтыру тұрғысынан қарамауымыз керек. Құр сөзбен біреуді бірден айыптауға болмайды. Дәлелсіз айыптамайық. Әр жағдайға, әр фамилияға мұқият қарайық. Егер бұл құжаттан қандай да бір шенеуніктің есімі табылып, заңға сәйкес оның кінәсі дәлелденетін болса, оның ісін

құзырлы орган қарайды. Ең бастысы, оның лауазымын пайдаланып, сыбайлас жемқорлық қылмысқа барғаны анықталуы тиіс. Егер сол тізімде біздің шенеунік, мемлекеттік қызметші болса, олар жағдайды баспасөзге, үкіметке, халыққа өздері түсіндіруге міндетті. Өз басым ешқандай адамның фамилиясын атағым келмейді. Енді кәсіпкер туралы. Бүкіл әлемде оффшорлық күзіретті қолдану тәжірибесі бар. Кәсіпкер мұны салық төлемін жеңілдетуге пайдаланады. Бәлкім, мұны жақсы тәжірибе деуге келмес. Мемлекет бюджетіне түсетін салық азайса, несі жақсы? Десек те, бұл мүмкіндікті тиімді, заңды түрде пайдалана алатын компания жоқ емес. Егер қандай да бір компания табыс табамын деп заңсыз түрде қаржы

Мәулен ӘШІМБАЕВ:

Дәлелсіз айыптамайық

операциясын жүргізсе, ол бөлек әңгіме. Сол себептен бұл мәселеге аса сақтықпен, байыппен қарағанымыз жөн. Айта кеткен жөн, ол құжатта көрсетілген

нәрсенің бәрі шындыққа сәйкес келе ме?.. Бәлкім, заңдық тұрғыдан құрылған компания шығар. Сол себептен бәрін бірден кінәлаудан аулақ болайық. Құжат жария болған екен, құқық қорғау органы онымен айналысатыны сөзсіз. Алдымен онда кімнің аты-жөні жүргенін қарағаны жөн. Әрине, бұл құзырлы органның жұмысы. Менінше, үкімет, парламент және құзырлы орган бірлесе отырып, мемлекеттік шенеуніктің оффшорлық аймаққа ақша жасыруына жол бермейтін заңдық норманы енгізуі керек.

Жас қазақ: Сонда парламент «оффшорлық аймақтағы қызметті реттеу туралы» заң қабылдай ма?

Мәулен Әшімбаев: «Панама құжатына» қатысты ойымды тарқатып айтсам, қазір күллі әлем оффшорсыздануға ұмтылуда. Ерте ме, кеш пе оффшорлық құзыреттің бәрі жабылады. Бәлкім, бірді-екілі құзырет қалар. Бұл бағытта Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдер қарқынды жұмыс істеуде. Ең бастысы, оффшор туралы ақпарат ашық, қолжетімді болады. Менің болжауымша, ол бүгін не ертен емес, алдағы жылдары іске асырылады. Әлемде ашық ақпарат саясаты жүргізіледі. Біз де бұл үрдістен шет қалмаймыз. Бұл бағытта белгілі бір қадам жасаймыз. Соның ішінде шенеунікке заңсыз жолмен табыс тауып, тапқан ақшасын оффшорға жасыруға мүмкіндік бермейтін заң да қабылдаймыз.

Жас қазақ: Айтыңызшы, түнеутүнгі Елбасының сынынан кейін тілшіден

қашатын министр, депутат қандай да бір нәтиже шығарады деп ойлайсыз ба? Мысалы, бүгінгі жиыннан кейін әріптесіңіз Кабиолла Жақыпов тілші қауымынан сырт айналды...

Мәулен Әшімбаев: Өз басым ешкімді де кінәлап, қорғаштағым келмейді. Бәлкім, белгілі бір себебі болған шығар. Жұмыс тобының отырысына не кездесуге асыққан шығар. Менінше, депутат баспасөзге қашанда ашық болуы керек. Әр тілшімен жаулы сөйлесіп, қойған сауалына жауап беруге тиіс. Мысалы, қандай да бір заң жобасы бойынша түсінбеген тұсын қайталап түсіндіруміз керек. Себебі парламент қабылдайтын заңды халыққа жеткізетін — бұқаралық ақпарат құралы. Өз басым депутаттың тілшіге әрдайым ашық болатынына сенемін. Ал жекелеген әріптесім сөйлеспей жатса, келесі жолы тілдесер.

Төлен ТІЛЕУБАЙ,
Астана

Әлеумет.t⁰



Шенеунік пен кітап сөресі

«Шенеуніктер кейде өздерін кітапханадағы кітап сияқты сезінеді. Аса қажеттісі қол жетпейтін жоғарыда тұрады» деп данышпандардың бірі кезінде айтып кеткен екен. Журналистерден аулақ жүргенді қалайтын ақамінерлер менің ұғымымда, дәл осы қол жетпейтін биік сөреде тұратын кітаптар сияқты болмауы тиіс. Барынша БАҚ өкіліне жақын жүретін шенеунікті халық сүйеді. Рас, кейде журналистерге етене боламын деп жүріп, лауазымды тұлғаның сөзінен жаңылатын кезі аз емес. Мәселен, Мәжіліс депутаты Гүлжан Қарағұсованың «Кім қалай жұмыс істесе, оның күтімі де сондай», — деген сөзі әжуаға айналдырылды. Ізінше, депутат қалам ұстаған қауымға ренжіп, «Менің сөзімді мәтіннен үзіп-жұлып бердіңдер» деп док көрсетуге дейін барды. Осы орайда, Қарағұсова әдеп сақтамай, «журналистер бүйтуі тиіс, сөйтуі тиіс», — деп камера алдында үйретуге дейін барды. Осы орайда қарапайым этика сақталмағанын байқаймыз. Екінші бұл әрекетінен соң депутат тағы да күлкіге қалды. Менінше, біздің елде лауазымды тұлғаға журналистер алдында қалай сөз алуды үйрететін шеберлік дәрістерін өткізген жөн. Өйтпеген жағдайда, шенеуніктің журналистерден бой тасалауы азаймақ емес.

Осы орайда, мемлекет басшы Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси қызметкерлерге, шенеуніктерге айтқан сын-ескертпесі өте орынды санаймын. Шенеуніктер тек ресми жиын, Орталық коммуникациялар қызметіндегі сұхбат кезінде ғана емес, кез келген ұрымтал сәтте пікір білдіруге дайын болуы тиіс. Әзірге шенеунік бүгінде журналист көрсе, кірпідей жиырыла қалатын әдетін тыймай келеді. Тиісінше, ақпарат қолжетімді болмағасын, ел ішін қасуест кеулеп кететіні бар. Ізінше

нақты ақпаратпен қарулана алмаған соң мардымды мағлұмат ұсына алмаған журналисті халық айыптай салуға жылдам-ақ. Бір қызығы, бүгінде ақпараттық технологиялардың дамыған заманы, интернет, әлеуметтік желілердің уағында ақпарат алу қиындай түсіп отырған сыңайы бар. Яғни ақпарат тарату жеңіл болғанымен, оны алу оңайға соқпай тұрғаны нонсенс жағдай. Шенеуніктердің журналистерге жабықтығын олардың бір ғана әлеуметтік желілердегі белсенділігінің деңгейінен де байқауға болады. Министрлер арасынан әлеуметтік желіде белсенді деген тек Әсет Исекешев пен Асылжан Мамытбековті ғана білуші ек. Ал желіде жазатын облыс әкімдері... Ауызды құрғақ шөппен сұртуте мәжбүрміз. Қайта оларға қарағанда орынбасарлары желіде белсенділеу. Әкім орынбасарлары арасынан Алматы облысы әкімінің орынбасары Бактияр Әлтайұлы, Атырау облысы әкімінің орынбасары Шыңғыс Мұқанды ғана айтуға болады. Қала және аудан әкімдері арасынан тек Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев пен Сайрам ауданының әкімі Самат Сапарбаевтан өзге паракшасы бар әкімді өз басым білмеймін. Паракшалары болмаса да, әкімдіктің аккаунттары тұрақты, сәтті жүргізіп жатқан облыстар ретінде Батыс Қазақстан облысы, Шымкент және Алматы, Талдықорған қалаларының ғана паракшаларын айта алар едім. Бір айта кетері, осы облыс пен қалалардың басшылары «Болашақ» стипендиаттары екені назар аударарлық жәйт. Олардың жанашырлыққа жақындығы бірден білініп тұратынының көп себебінің бірін осыдан іздеген жөн шығар.



Әуесбайдың ҚАНАТЫ,
журналист-публицист

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ



Мәссаған

ҚАЗАҚЫ БИЗНЕС немесе 4-1=?

(Басы 1-бетте)

Румын прокуратурасы 4 тұлғаның, сонымен бірге KazMunaiGaz International (*КазМұнайГаз*), OilField Business Solutions және SC Rompetrol Rafinare компанияларының мүлкін қамауға алды.

Сондай-ақ қылмыстық топ құрып, лауазымды қызмет бабын пайдаланған, бөтеннің мүлкін талан-таражға салып, салық төлеуден жалтарған деген күдікпен 14 тұлғаға қатысты қосымша тергеу-тексеру амалдарын жүргізу қолға алынған.

«КазМұнайГаз» компаниясының баспасөз қызметі аталған мәлімдемеде келтірілген деректерді жан-жақты зерттеп, өзінің заңды құқы мен мүддесін ұлттық және халықаралық деңгейде қорғау үшін қажетті шараларды қолға алатынын мәлімдеді.

Ratel.kz сайты хабарлағандай, KazMunaiGaz International компаниясы румыниялық активке 4 млрд АҚШ долларын салып, оны 1 миллиардқа сатқан.

Біздің сұхбат

Жас казак: Әуезхан аға, Елбасының Жер кодексінің кейбір нормасына жариялаған мораторийін қарапайым шаруа қалай қабылдады?

Әуезхан Дарынов: Шындығын айтсақ, Елбасының жер мәселесіне қатысты мораторий жариялауы халықтың, соның ішінде, қарапайым шаруаның көңілінен шықты. Бір жыл заңды халыққа түсіндіруге жеткілікті уақыт. Бастысы, Елбасымыз жер мәселесін халықпен бірге отырып, талдап, таразылауға шақырды. Бұл іске біздің бірлестік те атсалысуға дайын. Ел-жұрттың ой-пікірін жинап, ұсынысымызды береміз. Қунарлығы, Үкіметтің біздің сөзімізге құлақ асатыны. Негізі, Елбасы Жер кодексіне өзгеріс енгізуде, былтыр оны бір жыл талдауды тапсырды. Өкініштісі, экс-министр Е.Досаевтың тобы қалың елдің ойына құлақ аспай-ақ, 2-3 айда заңды қабылдағты. Менінше, 1 жыл ішінде ел, қоғам болып талқылап, бұл мәселеде бір оң мәмілеге келеміз.



Жас казак: Ауылдағы шаруаның жерді сатып алуға шамасы жете ме?
Әуезхан Дарынов: Турасын айтсақ, шаруаның жер сатып алуға шамасы жетпейді. Мұны түсіндіріп берейін. Мысалы, шаруа 1 мың гектарға егін егуге 3 млн теңге қарыз алады. Онысын айналымдағы ақшаға, тұқымға, жанармайға, қосалқы бөлшекке, арашпөтті улауға, тыңайтқышқа және т.б. жұмсайды. Енді салыстырайықшы, егер оған қазір сатып ал десек, жердің әр гектары ең арзаны 30 мың теңге тұрады. Сонда 1 мың гектардың — 30 млн теңге. Оны 50 пайызға жеңілдетсек, 15 млн теңге. Осыны 10 жыл мерзімде жекеге алу керек дейді. Әлгі шаруа жыл сайын мемлекетке 1,5 млн теңге төлеуі тиіс. Сонда 3 млн теңгені несиеге алса, 1,5 млн теңгені жер үшін төлесе 4,5 млн теңге береді. Бұл өте қиын.

Жас казак: Өзіміздің шаруа жерді сатып алып, жұмыс істете ала ма? Көп жағдайда өзге елдерге қарағанда өнім аз алып жатады. Бұған не себеп? Шаруа икемсіз бе, жер құнарсыз ба, алпауыт кедергі жасай ма, ғылым мен тәжірибе ұштаспаған ба? Осыны тарқатып, түсіндіріп беріңізші?

Әуезхан Дарынов: Шындығына келсек, бұл жалпы емес, жалқы

«Нағыз еңбекқор шаруа жерді алып, жұмыс істеуі үшін жер туралы ақпаратты ашық жариялаған жөн. Жерге қатысты теңдер бармақ басты, көз қыстымен өтеді. Әр облыста, әр ауданда қаншама жер бос жатыр. Оны аламын деген адам ала алмайды. Мораторийді пайдалана отырып, осы мәселені де шешу керек». «Қазақстан Фермерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әуезхан Дарынов газетімізге сұхбат беріп, өзге де өзекті мәселелер көтерді.



Әуезхан ДАРЫНОВ:

Әкім қарапайым шаруаға жер бермейді

мәселе. Бүгінгідей халде қалуымыздың себебі көп. Мысалы, агрохолдингтер ең қунарлы жерді иеленіп алған.

Одан түскен пайдасын шетел асырады. Елге түк пайдасы жоқ. Елбасының өзі сондай 4 холдингінің атын атады. Олардың үкіметке 800 млрд теңге қарызы барын айтты. Міне, мәселе! Екіншіден, әкімдер жерді аламын деген адамға бермейді. Жерге қатысты теңдер

бармақ басты, көз қыстымен өтеді. Әр облыста, әр ауданда қаншама жер бос жатыр. Оны аламын деген адам ала алмайды. Жемқорлық деген жегі құрт алғызбайды. Менінше, біздің жемқорлықпен күресеміз дегеніміз жәй әңгіме. Күрескен сайын, көбейіп барады. Соны жою үшін, тендерлік комиссияға шаруа, қоғам мүшесі қатысуы қажет. Ал бүгінгі комиссияда әкімдік, соның айналасындағы адамдар ғана бар. Комиссия деген аты ғана, заты басқа. Әкім комиссияға кірмесе де, сыртынан тапсырма беріп отырады. Міне, мораторийді пайдалана отырып, осы мәселені де шешу керек. Нағыз еңбекқор шаруа жерді алып, жұмыс істеуі үшін жер туралы ақпаратты ашық жариялаған жөн. Қай облыста, қай ауданда қанша гектар жер бар деген ақпарат ашық болса, оны алғысы келетін әр адам арыз береді. Жерді жұмыс істетте алатын күш-қуатын дәлелдесе, ала берсін. Жең ұшынан жалғасқан жемқорлық жайлаған соң, жер туралы ақпарат ашық болмады.

Жас казак: Жерге қатысты «күйіп тұрған» тағы қандай түйткілді мәселе бар?

Әуезхан Дарынов: Мәселе көп. Біреуіне ғана тоқталайын. Мысалы, жерді тиімді пайдалану ережесінің

көрсеткіші шындықтан алшақ. Фермерлер одағы осы ережеге қарсы шықты. Түсіндіріп көрейін. Қостанай облысында бір шаруақор азамат 50 мың гектарға егін егеді. Есімі кеңес заманынан бері танымал. Жерді жақсы күтіп-баптап, тыңайтқыш салады. Тұқым айналымын сақтайды. Сорақысы сол, «ережедегі көрсеткіш дұрыс емес» деп құзырлы орган Артемюкке 400 мың теңге айыппұл салды. Шетін мәселенің көкесі осы. Қазір Қостанай, Ақмола, Қарағанды облысында фермерді сотқа сүйреуде. Әуелі «Химзертхана» деген мекемедегілер жердің құнарлылығын тексереді. Гәптің бәрі осы тексеруден шығады. Жерді тиімді пайдалану ережесінде былай жазылған: жердің гумосы, азоты, фосфоры азайса, жер пайдаланушыны жазалау керек. «Шындықтан алшақ көрсеткіш» дегенім осы. Менінше, шаруаның жерге тұқым айналымын сақтап отырғанын, тыңайтқыш салғанын тексеру керек. Мәселен, Қазақстан бойынша орташа есеппен 20 млн гектарды алсақ, соның ішінде 2 миллионына ғана тыңайтқыш салуда. Басқасы салмайды. Себебі біреудің ақшасы жоқ, біреудің тыңайтқышы жоқ және т.б. Бұл мәселені құзырлы органға жеткізіп-ақ бақтым. Себебі ертен 18 млн гектардың иелерін сотқа шақырып, соттасумен күніміз өтеді. Маскара дегізген мәселені көтеріп, үкімет басшысына, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына хат жаздым. Ауыл шаруашылығы тақырыбына арналған Сенаттағы жиында да айттым. Менінше, су жана Ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мырзахметов бізді шақырып, сөзімізге құлақ асады деп үміттенемін.

Сұхбаттасқан
Төлен ТЛЕУБАЙ, Астана

ҰЛЫ ДАЛА



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Ал, әйтпесе!

Ақтөбе облысында «ерекше акция» басталды. Жарығы бар, ғаламтор желісіне қосылған Алға ауданының Амангелді және Көлтабан ауылына тұрғындар іздестірілуде. Келем деп ниет білдіргендерге 10 сотық жері бар баспанамен қамтылады екен. Аудан басшысы тағдыры бұлыңғыр екі ауылды осылай құтқарып қалмақ. Амангелді мен Көлтабанның арасы жақын. Екеуінде де шамамен 200-230 адамнан тұрады. Бос тұрған үйлер жеткілікті. Иелері оларды саудалай алмай, әкім-қараларға аманаттап кетсе керек.



Иесі жоқ баспана. Амангелді ауылы

Әкімнің айтуынша, әзірге көгілдір отын тартылмағандықтан, көмір жағуға

Жер мен баспана БЕРІЛЕДІ

Аудан әкімі Мавр Абдуллин: *Мүмкіндігінше, бала-шағасы бар отбасы, әсіресе көпбалалы отбасы болса, құба-құп. Өйткені, ауылдардағы білім беру мекемелерінің де тағдыры қыл үстінде, ауылға еліміздің кез келген қаласынан көшіп келуге болады. Әрине, жақын маңның тұрғындары болса, тіпті жақсы. Екі ауыл да өркеніеттің дәмін алған — жарық бар, ғаламтор желісіне қосылған, отандық арналарды «Отау» арқылы көріп отыр, — дейді.*



Кезекті қожайынын күткен баспана. Көлтабан ауылы

тура келеді. Үйлерге құбыр да жүргізілмеген. Сондықтан ауыз суды құдықтан тартып ішуге мәжбүр. Шенділер жергілікті өңірдің табиғаты қолайлы екенін алға тартады. Шөбі шалғын, көк майса. Мал жаюға жақсы, егін бітік шығады. Аудан басшысы Мавр Абдуллинді аландатып отырған мәселе — мектептегі оқушылардың аздығы. Екі ауылдағы негізгі білім беретін мектептердегі оқушылар саны күрт азайса, ауылдар солайымен жабылуы мүмкін. Сондықтан, сырттан келетін отбасылардың көпбалалы болғаны жақсы деген тілек бекер айтылмаса керек.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

Түйткіл

Кеңес өкіметі келмесе кеткен кезеңде жетпіс жыл бойы жиналған ортақ байлық ұстағанның уысында, тістегеннің аузында кеткен. Мүлік бөлістің өзі қызық болды ғой. Кейін ауыл адамдары анекдот тәрізді айтып жүретін. Мысалы, Өсербайға «К-700» тракторының моторы тисе, одан еңбек өтілі 12 жыл кем Талдыбайға жанағы трактордың үш доңғалағы тиесілі екен. Ал төртінші доңғалақ кеңшарда үш жарым жыл күзетші болып істеген Қонысбайдың еншісінде. Енді жұмыс істеп көр. Моторсыз қайда

Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданына қарасты Қарақамыс ауылында жүзден астам шаңырақ түтін түтетіп отыр. Топырағы қандай құнарлы. Бірақ, өкінішке қарай, бірде-бір ауыл тұрғыны Жер-Ананың игілігін көріп отырған жоқ. Ақтылы бидай өсірмек түгілі, үйдің жанынан қарға адым жерді қоршап, көкөніс өсіруді де білмейді.

Себебін таратып айтып көрелік. Талдыбай 120 гектар жер алған. Қисық мүйіз қара сиырын сатып, тұқым алды. Егуге «Беларусь» тракторы бар. Ал шауып, бастырып алатын комбайны жоқ. Егіні шығуын шыққанымен, көрші ауылдардағы өзі тәрізді шаруа қожалықтарының комбайндарының босауын тосты. Қас қылғандай олар да босай қоймады. Көптен жөндеу көрмеген көнекөз комбайндар болатын. Талдыбай күткенмен, күз күте ме, Арканың ақ жауынының соңы ақ қарға ұласып, кереқарыс масақ біткен қайран егін

Топырағы құнарлы немесе егін өспейтін алқап



барасын. Жалғыз доңғалақтың иесі Қонысбайдың айтқанына Өсербай өлсе көне ме? Ақыры жарым ауыл бетіне қарап отырған, жекешелендіру деген жесірден ғайыптан тайып аман қалған тракторды сатып жіберіп, ақшасын пышақ үстінде бөліп алды. Өзі де енді-енді жамбастай жығылайын деп тұрған, соқа түгіл қара басын әзер сүйретіп жүретін көксау трактор болатын. Арзанға кетті. Ел жұмыссыз қалды. Қонысбай қалаға көшті. Ауылға бір барғанында Өсербайдың сұрамасы бар ма:

— Қонысбай, қалада жүрсің ғой, осы қышыма деген ауру қауіпті дерт пе?

— Саған ештеңе етпейді, баяғыдай күні-түні егін егіп жатқан жоқсың, қолың бос, қасып отыра бер, — деген Қонысбай.

Сөйтіп, баяғы К-700-тың кегін бір қайтарған.

Кеңшар тарап, егін екпейтін болған соң, ел ішіндегі біріл-жарым пысықтары шаруа қожалықтарын құрып, өз қотырларын өздері қасуға тырысты. Бірақ қолдан келмеді.

қар астында қалды. Қызығын сол жылы ауылдың жылқысы көрді.

Шолақөзек ауылының тумасы Есімжан Коканов «Біз жеріміз болғанымен, оны игеруге қарымымыз қаптал жетпейді», — дейді. Кеңес өкіметінен кейін көршілес ауылдарда шаруа қожалықтарын құруға талпыныс жасағанын білесіздер ғой. Бір кеңшарға қараған төрт ауылдан қырыққа жақын үміткер шықты. Қазір соның біреуі де қалған жоқ. Өйткені, олардың ешқайсысы сол уақытта техника ала алмады. Болашақ егінін есебінен тұқымды қарызға алды. Оны екі жарым есе қылып қайтарды. Егін шыққан жылы баға болмады, ал баға болған жылы шаруа қожалығының қамбасында бидай жоқ. Жөк нәрсенін қымбат, көп нәрсенін арзан болатыны белгілі ғой. Ендігі арада тек жалға беріле қалса, жерімізді бүлдірмеу жағын ойластырған жөн.

— Өткенде бір телеарнадан Ресейдің Қиыр Шығыс аймағында қытайлардың көкөніс егеміз деп химиялық тыңайтқыштарды шамадан тыс көп қолданып, жерді бүлдіріп жатқандығын көрсетті, — дейді

Талдыбай, — олар жылыжай салып алады екен де, көбірек өнім өндіру үшін тыңайтқышты, оның ішінде зияны көбін сіңіреді екен. Атасынан қалған жер емес қой, несін аясын. Сондықтан, Есімжанның айтқаны дұрыс, бақылаудың көбірек әрі қатаң болғаны жақсы. Содан соң олардың жергілікті жерде неке қиюына шектеу жасау керек. Әйтпесе, жергілікті жерде шаңырақ көтеріп, мидай араласып кетсе, орнығып та қалуы мүмкін ғой.

Осы облыстың Тайынша ауданына қарасты Мөдениет ауылында соңғы он жылдан бері егін егілген емес. Кеңес өкіметі кезінде жоспар құалап, үйдің табалдырығына дейін жұртқан. Қазір сол дала алабота мен қурай өсіп, тусырап бос жатыр. Егін егілмеген соң ауыл адамдарына өте қиын. Егер егін егілсе, жер үлестеріне тиісті пайларын алар еді. Малға беретін сабан, құсқа беретін жем болар еді. Ауылда қол қусырып қарап отырған жұртқа жұмыс болар еді.

— Ауылдың адамдары малдың төлімен ғана күн көріп отыр. Сүт-майын апарып сатуға базарлы жер алыс. Апарған шығынды ақтамайды, — дейді ауыл тұрғыны Совет Құлжанов. Оның айтуынша, осыдан 20 жыл бұрын шаруа қожалықтары құрылып, тырбанып тіршілік етпекші болған. Бірақ егін шаруашылығы онтүстікті қайдам, солтүстікте қауіп-қатері көп сала ғой. Дикандар алдымен ауа райына тәуелді, содан соң материалдық-техникалық базаға. Күнін әзер көріп отырған ауыл адамдары енді арада жүз жыл өтсе де жермен жұмыс істей алмайды. Оған кәміл сенініз. Қазір бірнеше бағдарлама бойынша мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп жатыр. Бірақ оны алу үшін кепілге қоатын жылжымайтын мүлік керек. Банктер ауылдың үйлерін, қора-қопсысын кепілге қойдырмайды. Егер осы ауылдың бәрін түгел жинап қойсаныз, жарты трактордың құнына жетпес еді. Оларды да түсінуге болады. Ертенгі күні қайтарым тетігі болу керек қой. Осы жерде мынандай есеп шығарып көрелік. Мысалы, шаруа

қожалығының 100 гектар жері бар делік. Жүз гектар жерді игеру үшін пәленбай мың долларға К-700 тракторын, комбайнды сатып ала алмайды ғой. Сатып алған құнның өзінде жанағы техникаға салған қыруар қаржысы жыл он екі ай бойы айналымға түспей босқа тұрады. Егер ондай мүмкіндігі болса, шығар-шықпасы белгісіз егін еккеннен сауда істегені әлдеқайда тиімді. Өйткені, құны қымбат техника егістік жер аз болғаннан кейін көктемде бес күн, күзде бес күн пайдаланылады. Қалған уақытта қантарылып бос тұрады. Сондықтан, менін ойымша, ұсақ шаруашылықтарды біріктіріп, ірілендіру керек. Сонда ғана мемлекет тарапынан берілетін субсидияны, жеңілдетілген бағамен босатылатын жанар-жағармайды, ең бастысы, техниканы алуға болады.

Бос жатқан жер көршілес Ақмола облысында да көп. Облыстық жердің пайдаланылуы мен қорғауын бақылау басқармасының басшысы Нарман Төлеповтің айтуына қарағанда, өткен

жылы **339,9** мың гектар жердегі **102** жер телімі тексеруден өткізілген екен. **97** жер телімінде занбұзушылық орын алғандығы анықталған. Ал 2012-2014 жылдары жерді түгендеу

жүргізіліп, нәтижесінде **1100** гектар ауыл шаруашылығы алқаптарының пайдаланылмай жатқандығы белгілі

болған. Осы аралықта **257** мың гектар алқап мемлекет меншігіне қайтарылған. Оны айтасыз, кепілдікке қойылған **104,8** мың гектар да егін егілмей бос жатыр. Осының бәрін игерсе, игілігі ел көлесіне жарамай ма.

Ауыл адамдарының көкейінде жүрген көп сауалдардың жауабын жіктей келе ұққанымыз, жалғыздың жолына береке бітпейтіндігі. Егер өзін еге алмаса, онда жалға бергеннен басқа жол жоқ. Ата-бабамыздан қалған ұлан-байтақ даланың игілігін көрудің бірден-бір тиімді тәсілі осы.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары

4 ЖҰМАС КӨКЕЙКЕСТІ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Оқшау ой

Ауылдан қалаға білім іздеп келген жас баланы «жаңа бауырлары» арбай бастады. Іші-бауырына кіріп, жылы-жылы сөйлеп, сеніміне кіреді. Шайға шақырады. Футбол ойнатады. Уақыт өте дискіні қосып, бейнеролик көрсетеді, қолына діни кітапша ұстатады. Бұл еліміздің кез келген қаласында, әсіресе, ірі қалаларында 10-15 жыл бұрын басталған үрдіс. Ақтөбені де сырт айналып өтпеді.

Флешмоб ЖАСТАР



Қаланың бірнеше бөлігінде арнайы пәтерлерде жиналып, шай ішеді, арты әлемі уағызға ұласады. Ауылдан келген жас бала туыстарынан көрмеген мейірімді жана таныстарынан көре бастайды. Жер бетінде бұдан асқан жылылықты сезінбедім деген желеумен олардың ағымдарында қызмет етуге бел буады. Аптасына бір, кейде тіпті екі рет кездесуге жиналады. Бір апта, бір ай, жылдар... осылай өте береді. Желілік маркетинг секілді, мұнда да адам қатарын көбейту, жана мүшелер тарту секілді жүйе жақсы жолға қойылған. Ақтөбе өңірінде де топ-топ болып, аптаның белгілі бір келісілген күндерінде арнайы пәтерлерде бас қосу, табиғат аясында демалу, футбол ойнау, т.с.с. жалғасып келеді. Рухани азық іздеген қазақ баласы әлдекімдердің жетегінде кетіп жатыр. Бүгін айтып отырғанымыз жоқ, бұрын да байбалам салынды. Естір құлақ болмады ма, құзырлы органдар қауіпті басқа жактан іздеді ме, әйтеуір, жағдай ұшыға берді. Осыған дейін журналистік тәжірибемізде облыс басшыларынан діни ахуал туралы аз сұрамадық. «Діни ахуал тұрақты» дегенге саятын бір жауап аласын. Барлық конфессиялар тату-тәтті өмір сүріп жатыр дегеннен әріге бармайтын жалаң «отчет». Қағаз жүзінде барлығы ойдағыдай. Қағазбастылыққа басымдық беретін билік өкілдері үшін де керегі сол емес пе?! Ауылдан қалаға келген жастармен айналысуы керек баскарма да жоқ емес. Өкінішке қарай, жасыл жеілде киіп, арамшөп жүлғандарын әспеттеп, мемлекеттік тапсырыстар аясында билікке жақын ақпарат құралдары арқылы насихаттағандарына мәз. Әрі кетсе, сары футболка киіп, құдайға қажеті жоқ флешмоб ұйымдастырудан әріге бармайды. Оқу орындарындағы жастарды топырлатып, бұқаралық шараларға мәжбүрлеп отырғызып қою, зал толтырып беру, «оқудан шығарамын» деп зөрелерін ұшырып, мән-мағынасыз шараларға жұмылдырудан аспайды. Жастар деген тек оқу орындарындағы студенттермен шектелмейді ғой. Оқуға түспей қалған жастар да баршылық. Өз бетімен еңбектеніп жүрген 15-25 жастағы қыз-жігіт аз ба? Тіпті жұмыста жоқ, арағын ішіп, бұрышта құлап жатқан адамдардың арасында жастар аз ба? Арнайы бюджеті қарастырылып, белгілі мөлшерде лоттар ойнататын жастар басқармасы ондайды көрмей ме? Неге оларды да тыңдамасқа? Әлде, жастар саясаты дегенде алдымен сол қыруар қаржыға футболка, бейсболка тіктіріп, камера алдында арамшөп жұлып, кол сермеп, флешмоб билеп берумен шектеле ме екен? Әңгіме басында айтылған діни ағымдардың жұмысына оралар болсақ, олардың қатарында да қаптап жүрген алдымен жастар ғой. Бірақ олардың саясаттан тыс қалғаны ма? Құзырлы жастар басқармасының оларда шаруасы болмағаны ма? Әлде, күмәнді діни ағымдарда жүрген жастар жастар емес пе? Олармен өзгелер айналысуы керек пе? Жауабы жоқ сұрақ көп.

Нәтижесі, Сирия... экстремистік баптар бойынша сотталып кете бару... Сақал жіберген жастар... Ал біз әлі футболка киіп, шөп жулудан аса алмай келеміз...

Асқар АҚТІЛЕУ, Ақтөбе



«Жас қазақ» жазып еді...

Еліміздің Білім және ғылым министрлігіне қарасты бірқатар ғылыми-зерттеу институты қызметкерлерінің бес айға жуық еңбекақысыз қалғаны «Жас қазақ» газетінің өткен (№18) нөмірінде жазылған болатын. Мектеп реформасына екі жеңді түре кіріскен министр Ерлан Сағадиев білімнің атасы – ғылым саласын есінен шығарып алғанға ұқсайды.

Нақтысын айтайық: еліміздегі 24 ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері жыл басынан бері жалақысыз отыр. Осынау мекемелердің Алматыда орналасқан

Жалақысыз ҒАЛЫМ – 2

бірқатарын ерінбей-жалықпай аралап шықтық. Содан түйгеніміз — ғалым атаулы теңге емес, тиын санап қапты. Жауабы жоқ сұрақ көп. Сөйтсе де, көңілімізде көлбендеген біршама сұрақ жауабын біз осынау ғылым саласының «жыртысын жыртып» жүрген кәсіподақ мекемесінен тапқандай болдық.

Марат Молдабеков, Ғылым, инновация және білім беру мекемелерінің салалық кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

— **Министрлікке еңбекақысыз отырған ғалымдар жайын айтып, хат жолдаған екенсіз. «Жас қазақтың» өткен нөміріне берген шағын сұхбатыңызда сол хатқа министрліктен әлі жауап келмей жатыр дедіңіз. Одан бері де, міне, бір апта зу ете қалды. Хабар жоқ па?**

— Айтылып отырған мәселе «Жас қазақта» көтерілген соң бізге министрліктен қоңырау шалынды. Өзіңіз де білетін боларсыз, министрлікте барлық ғылыми-зерттеу институттарына бас-көз болып отыратын Ғылым комитеті деген бар. Төрағасы Сансызбай Жолдасбаев деген азамат. Осы кісінің Арслан Қалиев деген көмекшісі қоңырау шалып, еңбекақы мәселесінің қаралып жатқанын айтты. Қаржының кешігіп жатқан себебі түсінікті болуы үшін анықтама қағазын да жібермекші болды.

— **Анықтама қағазы дейсіз бе? Сонда ғалымдардың еңбекақы мәселесі әлі есептелмеген бе, мұны қалай түсінуге болады?**

— Бұл жердегі мәселе былай: Ғылыми-зерттеу институттарына бюджеттен бөлінетін қаржыға қатысты заңда белгіленген базалық, гранттық және максатты-бағдарламалық қаржыландыру деген болады.

— **Оның шет жағасын білеміз. Сонда да осы үш мәселенің аражігін айырып беріңізші.**

— Айтайын. Мысалы, базалық қаржыландыру дегеніміз — ғалымдарға емес, мекеменің әкімшілік қызметіндегілерге бөлінетін қаржы. Ал грант пен максатты-бағдарламалық дегеніміз — атының өзі айтып тұрғандай, ғалым еңбегіне тиесілі қаржы.

— **Түсінікті. Ал сонда әкімшілік қызметіндегі адамға еңбекақы көлемін кім тағайындайды?**

— Бұл сұраққа жауап беру үшін ғылым саласына бюджет қаржысы қалай бөлінеді дегенді түсініп алу керек. Мысалы, ғылыми-зерттеу институтының ғалымы белгілі бір саладағы тақырып бойынша дайындаған жобасын комитеттегі конкурсқа жібереді. Оған дейін оның жобасы мемлекеттік сараптамадан (*госэкспертиза*) өтуге тиісті. Сосын ол жоба комитеттің Ұлттық ғылыми кеңесіне жіберіледі. Міне, сол жерде жобаның бүге-шігесі талданып-талқыланып, Кеңес мақұлдағаннан кейін ғана оған мемлекеттік



грант бөлінеді. Осы грант қаржысы және есептеледі: ғалымға қанша теңге, мекеменің еден жуушысы мен күзетшісіне, директоры мен орынбасарына қанша теңге бөлінеді дегендей.


— **Сонда ғылыми саланың барлығы білім және ғылым министрлігіне қарай ма? Мысалы, ауыл шаруашылығы, медицина саласы, ғарыш пен есеп-қисап саласы деген сияқты?**

— Иә. Мал саласы болсын, адам мен темір-терсек саласы болсын — барлығы осы ғылым комитетіне қарайды.

— **Конкурс жыл сайын бола ма?**

— Жоқ. Үш жылда бір рет болады. Ал бірақ оған бөлінетін қаржы жыл сайын есептеліп,

қор құрып алған. Білмеймін, ондай қордың нақты қанша екенін, әйтеуір бес-алты сондай қор бар енді. Осы қорлар арқылы қаржы ғылымға бөлінуге тиісті. Рас, бөлінеді. Бірақ



Марат Молдабеков

ол жол бойы талан-таражға түсіп, «әбден арықтап» жетеді бізге. Ал енді сол қор қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын көрсеніз ғой! Олар дегеніңіз тап бір миллиардер сияқты өмір сүреді. Мен сізге бір нәрсені ғана ашып айтайын. Біздің бұрыннан дамыған ғылымымызды әлемнің көп елі әлдеқашан мойындап қойған. Тау-кен саласы бойынша ғылыми жобаларымыз мен технологиямыз Еуропа елдерінен екі-екі жарым есеге дейін асып кеткен.

Тек біздің басты проблемамыз осы еңбекақы проблемасы.

ШЕТЕЛГЕ КЕТЕМІН ДЕЙДІ...

Мақаланы дайындау барысында біз бірнеше ғылыми-зерттеу институтының қызметкерімен пікірлескен едік. Аты-жөнін толық атамауды өтінген олар да жыл сайын қайталанатын жалақы проблемасынан қатты шаршағандықтарын жасырған жоқ.

Алмағұл, Тау-кен ісі институтының ғылыми қызметкері: Менің ғылыммен айналыса бастағаным нәбәрі үшінші жыл ғана. Былтыр жасаған алғашқы жобам Ғылыми кеңесте жақсы бабаланып, әжептәуір қуанып қалған едім. Бірақ білмеймін, елден кететін шығармын. Еңбекақыны уақытында бермей жатыр. Кезекті ғылыми жобамның көшірмесін Ресейдің бір академиялық орталығына жіберген едім, жақында сол мекемеден шақырту алдым. «Еңбегіңді өндіріске енгіземіз. Кесімді жалақы мен қызмет пәтерімен қамтамасыз етеміз» — дейді. Ойланyp жүрмін. Сол жаққа баратын шығармын. Өйткені, басымды байлап отырған бала-шағам жоқ. Барымды-басымды осы ғылымға арнаған адаммын негізі.

Нұртөлеу, Микробиология және вирусология институтының (Бас директоры Амангелді Сиданов) аға ғылыми қызметкері: Жақында ғана Германияның вирусология саласымен айналысатын ғылыми орталығынан шақырту алдым. Соған құжат дайындап жүрмін. Олар маған алдын ала бірден аванс береді. Сол ақша қалай қолыма тиеді, солай — кетемін сол жаққа. Төлейміз деп айтып отырған ақшасының көлемін естігенде, талып қала жаздадым. Мақтанyp қояйын, микробиология мен вирусология саласында мен сияқты нақты ғылыммен айналысып жүрген қазақ баласы өте аз. Тіпті жоқ десе де болады. Ұлтymды сүйемін. Бірақ бала-шағаны да асырау керек. Біздегі басшылыққа, шенеунікке ғылым дегеніңіздің бағасы «үш сом алпыс екі тиын...». Осылай, біздің жағдайымыз, бауырым.

Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев мектеп реформасын бірінші сыныптан бастамақшы. Ал бірақ осы кезде еліміздің ғылым саласының шаруасы шатқаяқтап тұр. Мәселе қалай бұрсақ та, қаржыға келіп тіреледі. Қай ғалыммен сөйлесіп, тілдессек те әңгіме ауанын айналдырып қаржыға, жарытпай жатқан еңбекақыға әкеліп тірейді.

Осы мәселемен министрліктегі ғылым комитеті төрағасының көмекшісі Арслан Қалиевке хабарласып едік. Ол кісі бізді «осы мәселені өте жақсы біледі» деп маман Анар Жекенқызына бағыттап жіберді. Алайда газеттің кезекті нөмірі басылымға кеткенге дейін бұл кісінің қызмет телефонын ешкім көтермеді. Министрлік алда-жалда газетімізге жауап беріп жатса, жариялауға дайынбыз.

Марат МАМАНБАЙ



Жолсапар

Малайзия медициналық туризмнің ордасы болуды мақсат етіпті. Оның клиникалары бүгінде жақыннан Аустралия, Жаңа Зеландия, Қытай, Оңтүстік Корея, Жапония, алыстан Еуроодақ, ТМД елдерінен клиент тарта бастаған. ТМД дегенде, дәл осы біздің еліміздің ем алуға және демалуға ықтияры бар азаматтарын Малайзия құшақ жайып, қарсы алуға бар.

Жуырда Малайзиядағы медициналық туризм Кеңесінің (МНТС) шақыруымен журналист пен блогері араласқан топ Куала-Лумпурдың бетке ұстар клиникаларында болып қайттық. Малай ауруханаларында өткізген бірнеше күн бұл елдің медициналық туризмі жайында егжей-тегжейлі ақпарат жинауға мүмкіндік берді. Қазір Малайзияда МНТС стандартына сәйкес келетін 249 клиника жұмыс істейді. Бұлардың дені — шетелдік сырқаттарды қабылдауға лайықталған жекеменшік ауруханалар. Әрбірінде шетел азаматтарымен жұмыс істеу бөлімі бар. Ем алуға барған туристерді қызықтырғанда алдымен жергілікті



Бұлардың арасында, әрине, карьера қуып, жастығын өткізіп алған әйелдер көп болады, — дейді Навдип мырза. Қолын уақытынан кеш сермеп, өкініп қалмас үшін бұл клиникада денің сау кезде ұрықты алып, оны криоконтейнерлерде мұздатып сақтауға да болады. Келешек үшін... Сонымен бірге бұл клиникада генетикалық тест тапсырып көруге болады. Себебі адамның жасы — оның эмбрионының сау, не дімкәс болуындағы басты фактор. Жас

сау ұрпақ туудың мүмкіндіктерін кәдімгідей азайтады» дейді Навдип. Ал генетикалық тестілер бала ағзасында болуы мүмкін ақауларды, мейлі Даун синдромы болсын, басқасы болсын анықтап, ерте қамдануға уақыт береді. Айтпақшы, кейінгі жылдары белсіздікке тек әйел тарапы емес, ер адамдар да жиі «кінәлі» бола бастапты. Репродуктолог мамандар бұған себепті темекі тарту, дұрыс тамақтанбау, семіздік және стероидтардан ізлеп отыр.

КАРДИОЛОГИЯ

Тағы бір емхананың дәрігерлерімен кездескенде олар 2010 жылы Малайзияда жүрек ауруынан қайтыс болғандардың саны күрт өскенін айтты. Жүректі алмастырып салу отасы донорды табу

Қылмыс

БТА банкі, Алматы әкімдігі және Әділет министрлігі бірлесе отырып, АҚШ-та М.Әбілзов пен В.Храпуновтың қылмыстық тобы ұрлаған ондаған миллион долларды бұғаулады.

Құдалардың



ақшасы бұғауланды

Бұл туралы Әділет министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады. Министрлік мәліметінше, 2014 жылдың мамыр айында Алматы қаласының құзырлы өкілі АҚШ-тағы Калифорния штатының сотына В.Храпуновқа және онымен байланысқан тұлғаларға қарсы талап-арыз берген. Іс жүргізу Әділет министрлігінің қолдауымен өткізілді. АҚШ сотындағы талқылау барысында ақпаратты ашып көрсету нәтижесінде елімізден ұрланған және шығарылған активтер айқындалды.

Ресми орган хабарламасында: «Қылмыстық құдалаудан және ұрлық ақшаның тәркіленуінен қауіптеніп, М.Әбілзов пен В.Храпунов АҚШ заңынан активін жедел әкету мақсатымен мүліктерін сата бастаған. Атап айтқанда, Нью-Йорктегі қонақүй апартаментін жөндеу бойынша жобадарға үлес едәуір төмендетілген. Салынған 40 млн АҚШ доллары тұратын мүліктің орнына екі құда (В.Храпуновтың баласы М.Әбілзовтың қызын алған — ред) өз үлесін 21 млн АҚШ долларына сатуға әрекет жасады. Алайда девелопер мен олардың арасында сот дауы басталды. БТА банкі, Алматы әкімдігі және Әділет министрлігі іске араласып, 21 млн АҚШ долларын табыстауын оқшауландырды. Қазіргі кезде АҚШ-тың Нью-Йорк штатының сотында және федералды сотында оқшауландырылған ақша қаражаттарын қайтару бойынша жұмыс жүргізілуде» делінген.

Төлен ТІЛЕУБАЙ,
Астана

Малайзия: демалу һәм емделу

«ақ халатты абзал жандардың» кәсіби біліктілігі, технология мен қолжетімді бағасына басымдық береді. Ал Аустралия, Британия және АҚШ-тың маңдайалды оқу орындарында білім алған малай медиктері кардиохирургия, стоматология, жасанды ұрықтандыру, пластикалық хирургия, онкология саласында жетекші маман саналады. Алдымен басқа елдерден келетін емделушілермен электронды пошта, не скайп арқылы келісім жасалып, алдын ала кенес жүргізіледі. Отандасымызға Малайзияда 30 күнге дейін визасыз жүруге еркіндік бар. Одан артық күн қажет болса, құжаттарын өздері реттеп береді. Одан әрі Куала-Лумпурдың халықаралық әуежайында МНТС қызметі сізді арнайы тынығу аймақтарында күтіп алады. Әрбір клиника сіздің қаражат-халыңызға қарай қонақүйден күтімі кем түспейтін палата ұсынады.

ЖАСАНДЫ ҰРЫҚТАНДЫРУ

Біз осы сапарымызда Навдип Сингх Хану деген репродуктолог маманмен жақсы достасып алдық. Оның айтуынша, бүгінде Малайзияда жасанды ұрықтандыру бойынша сәтті процедуралардың үлесі 65%, ал қалған мемлекеттерде көбіне 50 пайыздан асқанның өзін үлкен жетістікке санайды. Малайзия клиникаларында күн сайын 5 және жылына 1000-шақты ЭКО процедуралары жасалынады екен. Әлгі Навдип қызмет ететін медициналық орталықта пациенттердің 30 пайыздайы сырт елден келеді, көбіне Сингапур



ұлғайған сайын әйел ағзасының хромосомалары да тез қартай бастайды. «Әдетте әйелдерде жасы 30-дан асқанда, әсіресе 37 жастан асқанда ұлпаларындағы хромосомалардың саны күрт кемі бастайды да, бұл



мен Индонезиядан. Егер отбасы отау құрғаннан соң екі жылдың ішінде бала көтере алмаса, олар ЭКО-орталықтардың қызметіне жүгінеді. Бұл енді алғашқы топ. Ал негізгі топтағылар көбіне 35 пен 45 жас аралығындағы адамдар екен. —



қиындығынан өте аз жасалынған. Сондықтан, 2005 жылдан бастап жасанды жүректі салу бағдарламасы күшіне еніп, 30-дан аса жанның жүрегі алмастырылыпты. Ота бағасы 180 мен 225 мың доллардың арасында. Малайзияда, әсіресе, жүрек-қан тамырларының ауруына ерекше көңіл бөледі. Оның ішінде коронарлық стенттеу арқылы жүрек-қан тамырларындағы ұйыған қанды алып тастаса, ал артерияда 3-4 тромбыны байқаса, оған аортокоронарлық шунттеуді қолданады. Бұл ота арқылы жүрек артерияларында жасанды тамырлар арқылы қан айналымын қалпына келтіруге болады.

ТҮЙІН

Түсінгенім, Малайзия бізді қолжетімді бағамен қызықтырғысы келеді. Әйтпесе, сол құрал-жабдықтың көбі бізде де бар. Бірақ ондай сервис бізде жетіспеуі мүмкін. Сол құрал-жабдықты әбден меңгерген маман бізде болмауы да мүмкін. Сондықтан, шетелге шығып, емделуді көздесеңіз, Малайзияның медициналық туризмі сіздің қалтаңызды қатты соқпайтын нұсқа дегім келеді. Мысалы, АҚШ-та эндопротездеу орташа есеппен 33 000 доллар тұрса, Сингапурда — 17 000, ал Малайзияда бұл 13 000 долларға айналады.

Өркен КЕНЖЕБЕК,
Алматы — Куала-Лумпур — Алматы

Игі шара

Алматы қаласының іргесіндегі Боралдай кентінде 60-қа жуық балаға пана болып отырған «Фазыл-Ғазы Топлы» қайырымдылық мекемесі бар. Аталған аумақта 1997 жылдың қазан айынан бастап қызмет етіп келе жатқан ұйымға жолымыз түскенде біздің есімізге «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген тәмсіл түсті. Мекеме қызметкерлері «Жетім көрсең, жебей жүр» деген ұлағатты басты ұстаным ретінде алған.



Қайырымдылық — қадірлі іс

Мекеменің «Фазыл-Ғазы Топлы» аталуына, мекеменің ашылуына басты себепкер болған шетелдегі қандас бауырларымыздың есімі берілген..

Осы қайырымдылық мекемесінің директоры Хурмет Мишел «Еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, ұлтжанды сезіммен жұмыс істеу парасаттылық пен акниеттілікті

қажет етеді. Ашылғаннан бері біздің мекемеміз жеткіншектердің дұрыс қалыптасуы, дамуы жолында өз жұмысын жемісті жалғастырып келеді. Негізгі мақсатымыз — жас ұрпақты ата-баба жолымен тәрбиелеп, адамгершілік пен ізгілікке шақыру. Олардың жан-жақты білім алуына жәрдемдесу. Сонымен қатар әлеуметтік тұрмыс жағдайы нашар отбасынан шыққан балалардың жағдайын жақсартуға да өз үлесімізді қосып келеміз», — дейді.

Қазіргі таңда мекемеде еліміздің түкпір-түкпірінен келген 51 жас жеткіншек тәрбиеленіп жатыр. Олардың 29-ы мектеп оқушысы болса, 22-сі студент. Оқушылар Алматы қаласындағы №122 мектеп-гимназияда білім алады. Олардың оқу үлгерімін жақсарту мақсатында үй тапсырмаларын қадағалап, қосымша сабақтар өткізуге арнайы мұғалімдер тағайындалған. Олар мектепке арнайы автобуспен барып келеді. Ал студенттер «Қайнар» колледжінде халыққа пайдалы әртүрлі мамандықтарда оқиды. Мекемеде арнайы тарих, әдебиет, компьютер кабинеттері

жабдықталған. Байқағанымыз — балаларға барлық жағдай жасалған. Ашылғаннан бері 20 жылға жақын уақыттың ішінде мекемеде тәрбиеленген оқушылар мен студенттер арасынан талай талантты мен дарындылар шықты. Қазір олар осы жерде алған білімі мен тәрбиенің арқасында еліміздің барлық облыстарында әртүрлі салаларда қызмет атқарып, еліміздің жарқын болашағы үшін өз үлестерін қосуда. Қайырымдылық саласында да жүргендері аз емес.

Қайырымдылық мекемесінің тәрбиешісі Арман Шомотановтың айтуынша, тәрбиеленушілер оқу жылының басында бекітілген тәрбие сағаттарының бағдарламасы бойынша білім алады. «Бағытымыз — тәрбиеленушілерді ғылымнан қол үздірмей оқытып, олардың зайырлы білім алуларына жағдай жасау. Отанымыздың болашақ өрендерінің қоғамға жат қылықтан аулақ болуын қадағалап, нағыз ел патриоттарын тәрбиелеу.



Сонымен қатар бағдарлама бойынша әртүрлі мәдени шаралар, баяндамалар, білім жарыстары мен спорттық ойындардың да жарысы жиі ұйымдастырылады. Мерекеге байланысты сахналық қойылымдар мен концерттік бағдарламалар жүргізіледі. Хурмет Мишелдің айтуына қарағанда, мекеме қайырымдылық іспен айналысуымен қатар еліміздің болашағы болған жастардың



Ержанат Аман

студентімін. Алдыма қойған басты мақсатым — сапалы білім алып, халыққа қалаулы қызмет ету. Мұнда барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар күнделікті кесте бойынша рет-ретімен бағдарлама түзілген. Сол бойынша күнделікті уақытымызды тиімді пайдаланып, қоғамдық шараларға қатысамын» — десе, тағы бір тәрбиеленушісі Жалын Шәріпхан: «Мен бұл мекемеге 2015 жылы Сарқанд қаласынан келдім. Ата-анамның рұқсатымен осы мекеменің оқушы-тәрбиеленушісімін. Мұнда оқумен қатар футбол, шахмат, тоғызқұмалақ ойындарын да ойнаймыз».

Қоғамдық ұйым қызметімен танысу барысында байқағанымыз — қайырымдылық мекемесіндегі әрбір тәрбиеленушінің жүзінен болашаққа, білімге деген сенім, жарқын өмірге деген талпыныс байқалады.

Қазақ — бала болашағының баянды болуын бәрінен биік қойған халық. Жас ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, сапалы білім, саналы тәрбие беруге ерекше назар аударды. Өйткені «Адам ұрпағымен мәңгі жасайды емес пе?! Сондықтан сапалы білім мен тәрбиені ұштастыра білетін осындай қайырымдылық іспен айналысатын мекемелердің саны көп болса, ұрпағымыз ұлағатты, келешегіміз кемел болмақ.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы облысы





E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

СЕРПІН



ШОБ ҮЛЕСІНЕН АСТАНА КӨШ БАСЫНДА

Астана бойынша әрбір жан басына шаққанда өңірлік жиынтық өнімнің өсім көлемі 3 428,0 мың теңгені құрайды. Бұл — орташа республикалық көрсеткіштен (1 588,5 мың теңге) 2,2 есеге артық. Өткен жылдың қорытындысы бойынша өңірлік жиынтық өнім өсімінің қарқыны 5 пайызға жетті. Бұл еліміз бойынша ең жоғарғы көрсеткіш.

Сондай-ақ елорда өңірлік жиынтық өнім өсіміндегі шағын және орта бизнестің (ШОБ) үлесі бойынша да көш бастап тұр. 2014 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 61,8 пайызды құрала. ШОБ саласында 99,2 мың жұмыс істейтін субъекті тіркелген, өсім көлемі — 6,4 пайыз. ШОБ саласында жұмыс істейтін азаматтардың саны 2015 жылы 287,7 мың адамға жетті, бұл сан 2014 жылға қарағанда 9,8 пайызға артық. ШОБ-тің қарқынды дамуы нәтижесінде жана жұмыс орны көптеп ашылуда. Мысалға, өткен жылы бас қалада 18 389 жана жұмыс орны ашылды. Соның ішінде 74 пайызы немесе 13 490-ы — шағын бизнес субъектілері. Атап айтарлығы, қалада жұмыссыздық жоқ деуге болады. Себебі жұмыс іздеген 950 адам тіркелсе, оларға 3 мыңнан астам бос жұмыс орны ұсынылып отыр.

ЕСКІ ЖӘНЕ АПАТТЫ ҮЙЛЕР БОЛМАЙДЫ

Қай қалаға барсан да, оның көркін бұзатын ескі және апатты үйлердің бар екенін көресін. Мұндай үйлер Астанада да бар. Алайда қала билігі 2017 жылы осы мәселені түпкілікті шешуге тәуекел етуде. Қазіргі кезде апатты үйлерді бұзуға арналған пилоттық жоба жүзеге асырылуда. Оған сәйкес, қала әкімдігі апаттық жағдайдағы үйлерді бұзып, орнына «шаршыға шаршы» әдісімен жана пәтер ұсынады. Негізінен алғанда, бұл жобаға әбден тозығы жеткен, 1940-1970 жылдары салынған үйлер кіреді. Ресми мәлімет бойынша 2017 жылдың соңына дейін бас қаладағы 228 апатты үйді бұзу жоспарланды. Ондағы 3500-ден астам отбасы жана қонысқа көшіріледі.

Тағзым

Саябақта соғыста ерлік көрсеткен Кеңес Одағының Батырлары Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдиновтың портреттері қойылған. Алаңда шатыр тігіліп, онда



ардагерлер сұрапыл соғыстың үрейлі күндерін еске алды. Бейбіт өмірдің қадір-қасиетін түсіну керектігін айтты. Мереке күнінен бірнеше күн бұрын Алматы облысының әкімі Амандық Баталов соғыс ардагерлері мен еңбек және тыл ардагерлерін арнайы қабылдап, әрқайсысына

бір реттік әлеуметтік жәрдемақы (150 мың теңге) табыстаған болатын. І.Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында жалғасқан мерекелік шара облыс әкімі Амандық Баталовтың құттықтау сөзімен басталды. Әкімнің айтуынша, жылдан-жылға ардагерлердің де қатары сиреп барады. Былтыр 397 ардагер болған болса, өткен жылдан бері 140 ардагер о дүниелік болған. Амандық Ғаббасұлы өз сөзінде ерлікті ұлықтау — парыз, бейбітшілікті сақтау аманат екенін айтады.



Амандық БАТАЛОВ «Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы «Ерлік — елдің қасиеті, өршіл рухтан өлмес ерлік туады» деген болатын. Балашақ ұрпақ ардагерлер бойындағы қанармандық пен қайсарлықтан үлгі алады. Аға ұрпақ әкелген жеңіс біздің жанарымызға қуат пен күш береді. Қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуға көмектеседі», — деді.

Шынарғұл ОҢАШБАЙ, Алматы облысы

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Елорданы Астанаға көшіргеннен бері тартылған инвестицияның көлемі 6 трлн теңгеден асты. Соның 2 трлн теңгесі бюджеттен бөлінді. Бұл ретте қазынаға түскен салық түсімі қазірдің өзінде 4 трлн теңгеден асты. Бұл — мемлекет жүзеге асырған ең тиімді жоба. Көріп отырғанымыздай, мемлекеттің Астана құрылысына салған шығысы ақталды. Бұған қоса, былтыр Астана бірінші рет бюджетіміздің донорына айналып, 900 млрд теңгеден астам қаражат аударды. Түсімнің 75 пайызы қаладағы барлық жұмыс орнының жартысын қамтамасыз етіп отырған шағын және орта бизнестен түсуде», — деп мәлімдеді жуырда өткен Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған кеңесте.

Бас қаланың 2015-2016 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуында жағымды жетістіктер аз емес. Солардың бірқатарына кеңірек тоқталайық.

жойылатынын хабарлады. Құзырлы мекеме басшысының орынбасары Тимур Әбжанов су тазалау шарасы нәтижесінде көлдің көлемі 55 млн текше метрден 37 млн текше метрге дейін қысқарғанын айтады. Ол «Былтыр су тазалауға арналған қосымша блок пайдалануға берілді. Талапқа сәйкес су санитарлық және гигиеналық нормаға дейін тазартылады. Бұл оны Есіл өзеніне құюға мүмкіндік береді. Австриялық технологияны қолданып жатырмыз. Тәулігіне 136 мың текше метрге жуық таза су шығарылады. Күніне бірнеше рет суға мониторинг жүргізіледі» деді.

Астана әкімдігі биыл Есілдің сол жағалауын су тасқынынан қорғау мәселесін шешті. Оған дәлел, 2015 жылы екі тазартқыш нысан (31-ші көшедегі және Мыңжылдық аллеясындағы жаңбыр суына арналған кәріз), бір коллектор (Шұбар кентінде) іске қосылды. Биыл 27-ші көшедегі нөсер суын ағызатын кәріз жүйесі — ТН-27 (тазартқыш нысан)

арналған Астананың жедел жәрдемін дамыту іс-шараларының кешенді жоспарын іске асыру аясында бұл мәселе де оң шешілді. Жедел жәрдем жұмысын тұрақтандыруға төмендегі іс-қимыл жағымды ықпал етті. Біріншіден, қаланың әртүрлі ауданында 14 қосымша жедел жәрдем стансасы ашылды. Екіншіден, ауыр халдегі науқасқа тез жету үшін жедел жәрдем көлігі ІІД-нің оперативті



орталығымен тығыз байланыс орнатты. Кәсіпорын ұжымының жұмысын жақсартуға әлеуметтік мәселенің де тез шешілгені әсер етті. Жедел жәрдем қызметі жұмысшысының баласы 100 пайыз балабақшамен қамтамасыз етілді. Биыл 30 қызметкер

жана баспанаға ие болды.

ҮШ АУЫСЫМДА ОҚИТУ ТУРАЛЫ

Жыл сайын елордада жана мектеп, балабақша көптеп бой көтереді. Мәселен, әрқайсысы 1200 орындық 4 жана мектептің пайдалануға берілуі нәтижесінде үш ауысымдық оқыту жүйесі жойылды. 2016 жылдың басында кезекке сәйкес астаналықтарға балабақшадан 8500 орын бөлінді. Қалада мұншалықты көп орынның бөлінуі алғаш рет тіркеліп отыр. Оған себеп, 2015 жылдың өзінде 2340 орындық 10 балабақша іске қосылды. Соның ішінде, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 380 орындық 2 балабақша пайдалануға берілді. Қорыта айтсақ, қала дамыған сайын тұрғындардың әл-ауқаты да жақсара түсетіні сөзсіз. Соның дәлелі, қазір елордада орташа өмір сүру жасының ұзақтығы 75-ке жетті.

Төлен ТІЛЕУБАЙ, Астана



Биылғы Жеңіс күнінде Талдықорғанда нөсерлетіп жаңбыр құйып тұрды. Соған қарамастан, жергілікті халық бұл күнді жылдағыдай атап өтті. Қала орталығындағы «Мәңгілік даңқ» монументіне гүл шоқтарын қойып, соғыста қаза болған боздақтардың рухына тағзым етуден басталған мерекелік шара «Жастар» саябағында ардагерлерге құрмет көрсетумен жалғасты.

Ерлікті ұлықтау — ПАРЫЗ

Петр ДРОЗДОВ, тыл және еңбек ардагері:

— Қорқыныш пен үрей, атыс, шабыс, өлім, өмір үшін жанталас, жақынынан айырылу... Ол кездегі барлық адамның санасын осынау үрейлі ұғымдар биледі. Мүз төсеніп, қар жастаңған, аштықтан бұратылған, қан майданның ортасында өлім мен өмір туралы ойланып та үлгермей қаза болып кете бару, бәрі-бәрі соғыстың суретсіз суреттері еді. Көңіліміз — жүдеу, өміріміз — қорқынышта, жүрегіміз — алаңдауда, тұрмысымыз — аштықта болды. Сондықтан, бүгінгі бейбіт өмірімізге разы болуымыз керек. Соғысты басқа бермесін, енді соғыс болмасын! Беті аулақ болсын.



Жетісу жерінен 1941-1945 жылдардағы екінші дүниежүзілік соғысқа 120-150 мың адам соғысқа аттанған. Оның 50 мыңы соғыста опат болған.

Деректі хикаят

Қазақ қадірлеп айта жүрер бір тұлға — Владимир Николаевич Лобов! 1986 жылғы Желтоқсан естеріңізде ме? Горбачев-Колбин мен оның арғы-бергі құйыршықтары жазықсыз қазақ жастарының қанын төгерде Горбачев Орта Азия әскери округының қолбасшысы В.Н.Лобовқа Алматыға жедел түрде әскер кіргізу туралы бұйрық беріпті. Сонда генерал: «Менің құзырымдағы әскер өз халқымен соғыспайды!» деп, түйсіксіз билікке қарсы тұрыпты. Сол батыр командашы хакында К.Бозтаев жоғарыда аталған кітабында ілтипатпен мынадай әңгіме шерткен:

«Семей облысынан сайланған КСРО халық депутаты, ол кезде Варшава Келісіміндегі біріккен Қарулы күштер штабының бастығы, армия генералы В.Н.Лобов маған КСРО президентінің жарлығы бойынша Семей полигонындағы ядролық жарылысты жалғастыруға әрекет жасалып жатқанын құпиялап хабарлады. Мен оқиғаның алдын алуға тағы бел байладым. КСРО президентіне тағы хат жазып: «Мазасыздығым үшін сөкпеніз. Әскери-өнеркәсіп кешені енді КСРО президентінің жарлығымен Семей полигонында ядролық жарылысты жалғастырмақ ниетте екені маған мәлім болды. Егер шынында солай болып шықса, оның ақыры неге апарып соғарын болжау мүмкін емес!» — дедім».

Горбачев хатымды әскерилерге жіберіпті. В.Букатов: «Бозтаевқа бұл фактіні кім, қалай жеткізді?!» деп аласұрыпты.

Осы тұста бір сұрақ иықтап тұр. Армия генералы В.Н.Лобов облыстық партия комитетінің хатшысына Кремль құпиясын ашып берді, ал онысы өз ортасына жасаған опасыздығы емес пе?!.. Жок, олай емес! Владимир Николаевич билік басындағы топтың озбырлығын екінші рет әшкереледі! Бұл жолы да генерал емес, Азамат сөйледі!

...Уақыт жылжып, Қазақстанның саяси ауа райы өзгере бастады. Алдау-арбау кәсібіне жетік Колбин келген ізімен Мәскеу асып кете барды. Семей полигонының үнін өшіру бағытындағы күрес күшейе түсті. «Азат», «Невада-Семей» қозғалыстары қанат жайған. Қазақстан КП Орталық Комитеті 1990 жылғы мамырдың 15-і күні үндеу жариялап, бір аптадан соң республиканың Жоғарғы Кеңесі «Семей облысындағы ядролық полигон туралы» қаулы қабылдады. Қаулының пәрмені былайша болды: «...Семей облысындағы полигонда және Қазақ КСР-ның территориясындағы басқа да полигондарда ядролық жарылыстар жасауға, жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түрін сынауға тыйым салынсын!».

КСРО ӘСКЕРИ-ӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ, ҰПАЙДАН АЙЫРЫҒА БАСТАҒАНМЕН, ҚАЙТСЕ ДЕ ЖЕҢГЕ ЖАНТАЛАСЫ. ГОРБАЧЕВТІ АЙТҚАНДАРЫНА КӨНДІРІП БАҚТЫ. КСРО-НЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ПОЛИГОНДАРДЫҢ БӘРІН БҰРЫНҒЫША ҰСТАП ТҮРУҒА МҮМКІНДІК БЕРМЕЙТІНІН, СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫН ЖАБУДЫ ТАЛАП ЕТУШІ КҮШ БЕЛ АЛЫП БАРА ЖАТҚАНЫН БІЛЕ ТҰРА, ГОРБАЧЕВ ЖАЛҒАН НАМЫСҚА ЖАРМАСЫП, 1991 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМДА ҮКІМЕТКЕ ЖАНА ҚАУЛЫНЫҢ ЖОБАСЫН ЖАСАТТЫ. ОҢДА СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫ «ГУРИЯ», «БАТЫР» ДЕП АТАЛҒАН СОҢҒЫ ЕКІ ЖАРЫЛЫСТАН КЕЙІН — 1992 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДА ЖАБЫЛСЫН ДЕЛІНДІ. АЛАЙДА ЖАРЫЛЫСҚУМАРЛАРДЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ: ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ДЕРЛІК ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ЯДРОЛЫҚ СЫНАУЛАРҒА ТЫЙЫМ САЛУДЫ ТАЛАП ЕТПІ, ҚҰАТТЫ ҮНІН КҮН САЙЫН КҮШЕЙТІП ЖАТҚАН ЖАҒДАЙДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.НАЗАРБАЕВ 1991 ЖЫЛҒЫ ТАМЫЗДЫҢ 29-Ы КҮНІ «СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ ПОЛИГОНЫН ЖАБУ ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҚҚА КОЛ ҚОЙДЫ!

Ал полигон «хикаятты» К.Бозтаев пен оның қызметтес, мүдделес серіктеріне және бір ұлы міндетті жүктеген болатын. Горбачевқа жазған екінші хатында Кешірім, кремльдік комиссияға ескерткеніндей, 40 жылғы қияметте жүдеп-жадаған, қайғы-қасіретке душар болған семейліктерге бір тиын да өтемақы төленбегенін көлденең тартты және сол 40 жылға өтемақы талап ететінін ашық та ашынып мәлімдеді. Ердің тәуекелден айнағынаны — езге айналғаны. Кешірімнің балшығы езілмекке иленген-ді. Ол полигонды жабу күресі мен өтемақы өндіріп алу күресін ұштастырды.

Полигонының ашылуына, жоспарға сай жұмыс істеуіне КСРО-ның отыздан астам ғылыми-зерттеу ұжымы жұмылдырылған екен. Кешірім солардың біразымен өзі сөйлесіп, басқаларына облыстың білікті қызметкер-мамандарын жіберіп, алты айдың ішінде өтемақы мөлшерін анықтады. Өлгі ұжымдарға өз қорытындыларын растатып қол қойдырды да, қаулы мәтінін әзірлеп алып, Мәскеуге аттанды. Горбачевтің өтемақы жөніндегі қаулыны қолдауы қажет. Қаржы басшыларының қабылдауында болды. Алайда олардың бәрі де «көрейік, ойланайық» деген азбас-тозбас сөзден Қытай қорғанын жасап алып тынды. Горбачевке екінші жолы барғанынан да дөңеңе шыққан жок. Ол екі көзі



шыныша жалтырап: «Шешетін боламыз» дей салды.

Кешірім Мәскеуге СОКП Орталық комитетінің кезекті бір пленумына барған жолы КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Рыжковтың қабылдауында болды (*бұрын орайын келтіре алмаған*). 1990 жылғы қазан айының 2-сі. Кешірім былай дейді: «Кешкі сағат 10 болса да, қабылдау бөлмесінде біраз кісі бар екен. Олар облыстық, өлкелік басшылар болатын... Мен де кезегімді күттім. Уақыттың кештігіне қарамастан, Рыжков мені зейін қоя тыңдады. Мен оған облыстың экономикалық және әлеуметтік ауыр жағдайы туралы, ядролық полигонның зардаптары туралы жан-жақты әрі ұзақ әңгімеледім. Айтқандарым Николай Ивановичке жаналық болып әсер еткенін сезіп отырдым. Ол менің сөзімді бөлген жок, тек анда-санда қынжылыс пішінде бас шайқап қойып отырды. Соңында:

— Менен қандай көмек керек? — деп сұрады. — Семей облысы бойынша қаулының жобасы әзір. Соны Сіздің мақұлдағаныңыз керек.

ЖАНПИДА



Николай Иванович: — Жаксы! Мен Шкабарднаға айтайын, — деп бір-ақ кесті. (*Шкабардна — Министрлер Кеңесінің іс басқарушысы.*)

...5 қазан күні Таскескен ауданында іссапармен жүргенмін. Ол ауданның экономикасы тұрақты дамып келеді. Аудан басшыларымен бірге егістіктер мен мал фермаларын аралап шыққан соң СОКП XXV съезі атындағы совхоздың кеңсесіне кірдік. Директор Б.Мұстафин — ауыл шаруашылығының іскер, инициативалы басшыларының бірі. Жанаша ойлай білетін, уақыт тамырын ерқашан дәл басып отыратын адам... Әңгімемізді бір кезде телефон қонырауы бөліп жіберді. Мұстафин трубканы маған ұсынды. Н.Назарбаевтың дауысын естідім: «Жақсы хабар бар, қаулыға қол қойылды, құттықтаймын!» деді.

Бірнеше күннен соң біздің облысымыз үшін бірегей құжат — КСРО Министрлер Кеңесінің «Қазақ КСР-ы Семей облысының экономикалық және әлеуметтік дамуын жеделдету шаралары туралы» қаулысын алдық. Ол құжатты орындау үшін Қазақ КСР Министрлер Кеңесі өзіндік тиісті қаулы қабылдады».

Бұл екінші женіс жасы алпысқа толуына орай Кешірімге жолданған құттықтаулардың бірінде былайша атап көрсетілді (*ықшамдалған мәтіні*):

«Күрметті Кешірім Бозтайұлы!
Өміріңіздегі аса елеулі жәйт — жасыңыздың 60-қа толуымен шын жүректен құттықтаймын!
...Сіздің Семей ядролық полигонын жабу жайындағы мәселені шешуге, атом қаруларын сынаулардан зардап шеккен жұртшылыққа әлеуметтік қамқорлық көрсету жөніндегі жүйені жасауға қосқан үлесіңіз теңдессіз!..
Кешірім Бозтайұлы, ыстық ықыласпен құттықтап, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, мол бақыт тілеймін!

Қазақстан Республикасының Президенті Н.НАЗАРБАЕВ
25 маусым, 1993 ж. Алматы қаласы»

...Тағдыр тарынса, «Дат!» дей алмайсыз. Кешірім 66 жасында бақиға аттанып кетті. Бігімі шымыр еді, амал не, полигонның кеспапты тиген болар...

Аягөз ауданының Ақшатау ауылында ұжымшар (*қолхоз*) ұстасы Бозтай мен қарапайым шаруа Балхияның отбасында 1933 жылы туып-өсіп, ауылда — бастауыш, аудан орталығында — жетіжылдық, Аягөз қаласында — орта




Ядролық қарудан бас тартқанымызға

25 жыл



7

мектепті тәмамдап, Алматының Тау-кен институтына құжатын жіберіп, ол оқу орнынан шақыру қағаз келгенде намыскер әкесінің қарызданып, қаражат тауып беруімен Алматыға әрен жеткен Кешірімнің өмірі — айтып та, жазып та тауысқысыз тамаша хикаят. Бұрынғы екі облыстан құралған бүгінгі Шығыс Қазақстанның өнеркәсібін, құрылысын, ауыл шаруашылығын, мәдениетін — барша саласын дамытуға сіңірген еңбегі аса зор бұл Азамат — Ұлттық қауіпсіздік мәселелерін зерттейтін академияның, Халықтық «Экология» академиясының (*Мәскеу қаласы*) академигі. Семей Медицина академиясының Құрметті профессоры Кешірім Бозтаев — «найзадан қол босаса қалам алып» (*Бауыржан Момышұлы*), ұрпағына ғылыми негізді бес кітап қалдырды. Олар: «Алғашқы оттан атомға дейін» (1956 ж.), «Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында шикізатты пайдаланудың тәжірибесі» (1972 ж.), «Семей полигоны» (1992 ж.), «Қайнар қасіреті» (1995 ж.), «29 тамыз» (1998 ж.). Бұлардың соңғы үшеуі — Семей полигонының тұтас тарихы. Осы тұста атап айта отыруым қажет бір «қызық-шыжық» бар, ол —



Кешірім БОЗТАЕВ

жатқаны. Мен сондай қауесетке тосқауыл болсын деген ниетпен 2005 жылы «Жас алаш» газетіне «Көшті Кешірім бастады» деп, «Централ Азия Монитор» газетіне «Он — первый!» деп танымдық деректі мақалалар жариялап, шындықтың шырайын келтірдім. Ол мақалама ризашылық білдіргендер аз болмады. Газеттер жеткен жер-жерден, әсіресе Ертіс өңірінен телефон арқылы да алғыс айтылып жатты. Ал қарсы шығып, ақиқаттан да, Кешірімнің аруағынан да аттап кеткен бір ғана кісі болды. Ол — ақын Олжас Сүлейменов. Орыстілді газеттен оқып, оның тілшісімен сұхбаттасып, Семей полигонын жапқан өздері екенін әдетінше асқақ мәлімдеп: «Семипалатинский полигон — моя поэма!» — деп көсілді. Е, мейлі: «Невада-Семей» қозғалысы негізінде құрылған «Невада-Семей» акционерлік қоғамы қорына үкімет берген, жұртшылықтан жиналған ондаған миллиард

доллардан қасіретті семейліктерге бір доллар да бермеген «тапқырлықтарын», қыруар қаржы кімдердің қалтасына қаншадан түскенін дастанында тарау-тарау етіп жырлауды ұмытпасын. Бірақ ол «дастаның» шындыққа қарсы шабудан басталы. Мәселен, «Казахстанская правда» газетіндегі сұхбатында (*2005 жылы, 20 қыркүйек*): «...Да, он (*К.Бозтаев*, — *Г. К.*) был первым секретарем обкома, но не более того. И уж во всяком случае, среди первых борцов за закрытие полигона его не видели» деді. Астапыралла-а-а!.. Қазекемнің: «Құлайдан қорықпағаннан қорық» дегені осындайда айтылған екен ғой!

Бүгінде жалғыз шауып, бөйге алып жүрген ақынның мына жеделхатына үнілелік (*Кешірімнің жасы 60-қа толуын құттықтауынан*):

«Семипалатинск, Областной Совет народных депутатов

Уважаемый Кеширим Бозтаевич!
Мы знаем Вас как крупного общественного и государственного деятеля, очень много сделавшего для процветания народа Казахстана. Вся Ваша жизнь — это добрый и назидательный пример для молодого поколения...

В те не легкие годы борьбы за прекращения ядерных испытаний на Семипалатинском полигоне Вы проявили стойкость бойца за интересы народа и мудрость истинного народного лидера.

Мы знаем, что в эти трудные годы Вам пришлось особенно нелегко и на Вашу долю выпали тяжкие испытания, но Вы сумели найти верный путь и сделать немалый личный вклад в долгожданную победу — закрытие Семипалатинского ядерного полигона.

В день Вашего шестидесятилетия, дорогой Кеширим Бозтаевич, мы выражаем Вам свое глубокое почтение и говорим благодарное спасибо! Олжас Сүлейменов».

Ақиқатты бұдан артық айту мүмкін бе?.. Ендеше, не деуге болады? Мен: Олжас біреу-ақ деп жүрсем, өйдә, екеу екен.

...К.Бозтаевтың былай деп жазғаны бар: «Алматыда дауысқа түскен (*КСРО халық депутаттарының сайлауында, — Г.К.*) Олжас қиындыққа ұшырапты. Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Ә.Назарбаев

маған телефон шалып, жағдайды айтып, Олжас Сүлейменовті Семей облысынан депутаттыққа өткізіуімзді өтінді. «Сүлейменов сізге көмектеседі. Полигонға қарсы күресте жақсы жәрдемші боларды», — деді Нұрсұлтан Әбішұлы. Ертенінде Г.В.Колбин телефон соғып, ол да сондай тілек айтты».

Ол тілектер, әрине, қабыл болды. Бұл дерек К.Бозтаевтың «Семей полигонын» кітабында бар. Сондай-ақ К.Бозтаев Кремль комиссиясы алдында: «Егер генерал Бредихин дабыл қақпаса, 12-нші ақпанда не пәле болғанын біз анық білмес те едік» деп ресми мәлімдесе, ақын шіркін, оны да 13 жылдан кейін жокқа шығарып, «маған бір ұшқыш телефонмен хабарлады» деп төтеледі. Егер ұшқыш пен ақын дабыл қаққан болса, ақиқатшыл Кешірім комиссия алдында екеуін де атап айтар еді.

Семей полигонын жабу күресімізде О.Сүлейменовтің аты алыс-жақын елдердің бірсыпырасына жеткені рас. Олай болудың «бастау-көзін» іздегенге бір дерек К.Бозтаевтың мына сөзінде жатыр:

«...Полигонды жабу мәселесі шешілуге жақындағанда, өкінішке қарай, басқа бір мәселенің шеті — бұл кімнің еңбегі деген сұрақ қылтыды. Баспасөз бетін жауып кеткен жарияланымдарда еңбек «Невада-Семей» қозғалысынікі, тек қана соныкі делінді. Қозғалыстың әрбір әрекеті аспандата мадақталды. Оның белсенділері (*кездейсоқ жүргендер де бар*) қозғалысқа басқаша бағыт бере бастады: олар өздерінің міндеті себепті-себепсіз жиын-жиналыс өткізе беру деп білді. Жалған дерек таратып жібергендері де болды. Жиналысқумарлық кеудемсоқ желпініске, жұлқынысқа айналып, өмір шындығынан ауытқып кетіп жатты (*«Семей полигоны»*).

...Ертіс өңірінің елі мен жерін қашан жазылары белгісіз жараға душар еткен Семей полигонының үні өшкеніне биыл тамыз айында 25 жыл толады. «Мына мен жаптым!.. Мына біз жаптық!..» деп, данқ пен дақпытрқа бауыр басып жүргендердің оны ең жоғары деңгейде апталап тойлаулары мүмкін. **Иә, олардың полигонға қарсы ресми күрес туын алғаш көтерген КЕШІРІМ БОЗТАЕВ** марқұмды әдеттеріңше ауыздарына алмауы да мүмкін. «Шындықтың жүзі өткір», оған қашанда АЗАМАТ қана тура қарай алады! Ал АЗАМАТЫНЫҢ аруағын Халқы әрқашан ардақтайтынына Заман қуа!



Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ



ЖЕЗҚОҢЫРАУ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Қымыздан - балмұздақ

Шипалы сусын енді балмұздақ түрінде қолжетімді болмақ. Павлодарлық қос студент қазақтың ұлттық сусынынан осындай ерекше өнім жасап шығарды.

160-тан астам жастар қатысқан форумда олардың жобасы үздік деп танылып, жарты миллион теңгені ұтып алды. Бұл идеяны өміршең еткен павлодарлық қос студент – Асхат Айтжанов пен Нұрғиза Қалымова.

Өнертапқыштардың айтуынша, олар қазақтың ұлттық сусынын осылайша әлемге танытып, шипалы сүт өнімінің жаңа түрін өмірге әкелмек.



СЫР СҰХБАТ



Иә, Ұлықпан Жолдасовтың айтуынша, бәріне ғаламтор кінәлі екен. Қалаған әніңді кез келген уақытта тыңдауға мүмкіндік жасалған. Соның кесірінен қазіргі шығып жатқан әндер есте сақталмайды. Мүмкін солай да шығар. Бұл 33 жыл сахнада жүрген әнші, композитордың пікірі. Жуырда Ұлықпан Жолдасовтың Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Алматы қаласында жеке кеңі өтті. Сазгерді не толғандырады?

Қазіргі қазақ эстрадасының деңгейі қандай? Осы және өзге де сауалға жауап алмақ мақсатта композиторды әңгімеге тарттық.

«Бәріне ғаламтор кінәлі»

Жас казак: Жуырда концертіңіз өтті.

Көңіліңіз толды ма? Әлде өттеген-ай деген кезіңіз бар ма?

Ұлықпан Жолдасов: Концерт алдында билеттер қолды болып, соның орны бос қалды. Билетті қайта шығаруға Республика сарайының өкімшілігі рұқсат бермеді. Сонымен қатар сахнада жарық түсіру сынды өзекті мәселеге мән беруге уақыт жетпей қалды. Дегенмен, концерт ойдағыдай өтті.

Жас казак: Сіздің «Алтынай», «Тұмарым», «Сағыныш сазы» сынды әндеріңізге біраз жыл болса да, халықтың жүрегінде. Ал қазіргі «хит» деген әндердің жыл толмай ұмытылып қалуына не себеп?

Ұлықпан Жолдасов:

Қазіргі әндердің ғұмыры қысқа болуына мен ғаламтор кінәлі деп санаймын. Бұрынғы кезде қалай еді. Мәселен, өзіме тоқталар болсам, 1973 жылдары жаңа бір ән шықса, іздеп жүріп, сол әнді тауып, жаттап алатынбыз. Ал қазір керісінше. Кез келген әнді интернеттен тауып аласың. Ұнаса, 1-2 рет тыңдауың мүмкін. Кейіннен ол ән ұмытыла бастайды. Мысалы, Роза Рымбаеваның «Әлия» әні әлі күнге дейін халықтың жүрегінде. Ал осы сынды әндер қазір жоқтың қасы.

Жас казак: Әннің жүрекке жетуіне қаншалықты мән бересіз. Қалай тандайсыз? Қай

ақындармен жұмыс жасайсыз? Оларға қояр қандай да бір талабыңыз бар ма?

Ұлықпан Жолдасов: Мен қазіргі таңда Асқар Дүйсенбі, Талант Арынғали, Ринат Зайытов сынды ақындармен жұмыс істеймін. Олармен ақылдаса отырып, қандай өнге, қай тақырыпта болуы керек, барлығын бірлесіп шешеміз. Мысалы, ән туған жер туралы болса, сол жерді айшықтайтын затқа мән береміз. Кейде тіпті ән шығарған кезде, нақты бір әншінің даусын елестетіп отырып шығарамыз. Лирикалық әннен бөлек, патриоттық әндер де жазылып жатыр.

Жас казак: Өткен жолы Өктем Алтаевпен сұхбаттасқанымызда «Тастанды ән» көбейіп кетті деді. Сіздің ойыңызша, бұған не себеп. Осыған байланысты әншілердің де деңгейі төмендеді ме? Әлде қазіргі тыңдарманның талабы осы ма?

Ұлықпан Жолдасов: Оған себеп — қазіргі казак эстрадасының әншілері шетелдің, қырғыз ағайындардың әндерін ұрлайды. Тіпті әннің сөзін өзі жазатын әншілер де бар. Әннің мәтініне, мағынасына мән бермейді, керемет музыкамен әрлеп, халыққа жеткіземін деп ойлайды. Алайда мұндай әннің ғұмыры қысқа. Ән жазатын біраз композитор бар. Атап айтсам, Арман Дүйсенов, Арман Бексұлтан, Бауыржан Есесбаев, Бауыржан Өскенбаев, Нұрлан Еспанов, Ринат Гайсин. Шын мәнінде, осы композиторлар қаптап кеткен әншілерге ән жазып үлгере алмай жатыр. Сондықтан әншілер бұл композиторларды күтпей, сырттан ән іздейді. Көбісі әдемі музыкамен, аранжировкамен, әсерлі дыбыстармен әрлеп, әнді алып шығамыз деп ойлайды. Әннің

мәтініне, мағынасына терең үнілмейді. Ал мұндай туындының халық жүрегінен орын алуы екіталай.

Жас казак: Ұлыңыз Болаттың өнерден кеткені туралы ақпарат шықты. Бұл қаншалықты шындыққа жанасады?


Ұлықпан Жолдасов: Иә, Болат туралы алып қашпа әңгіме тарап кетті. Балам басқа салаға кетсем деп, өз ойын айтты. Біз оның шешімін сыйлаймыз. Сол себептен бетін қайтармадық.

Жас казак: Қызыңыз Фарида мен Төреғали Төреәлі дуэт құрып, «Қыдырып кайтайық» әнін көпшілікке ұсынған болатын. Дуэт құруға ұсыныс кімнің тарапынан болды? Осы уақытқа дейін Төреғали Ерке

Есмаханмен дуэт құрып, арты дауға ұласты.

Ұлықпан Жолдасов: Негізі, бұл ән бастапқыда ағылшын тілінде шығатын болған. Астанада концерт беруге дайындалып жатқанда осы көңілді ырғаққа толы әнді Фарида неге Төреғалимен айтпаса деген ой келді. Әннің музыкасын Төреғалиға естіріп көріп едім, ол бірден сөзін жазып келуге кетті. Қайнар Алағөзов сынды жас акын еліміздің қалаларын өнге қосып, көңілді ырғақты ән туындады. Алдағы уақытта осы әннің ағылшынша нұсқасын Фарида мен Бердібек Құлғараевтің орындауында тыңдай аласыздар.

Жас казак: Қазіргі таңда көпшіліктің өнерге қатысты пікірі жақсы емес. Екінші бірінен сұрасан, әншілердің деңгейі түсіп кеткен деп жатады. Сіз не айтасыз?



барлығы сондай деп айту қиынсыз. Бірақ қазір тембрі бір-біріне ұқсас әншілер көбейіп кетті. Ешқандайда жаңашылдық жоқ, бір-бірін қайталау. Осыдан барып, өнердің қандай деңгейде екенін көруге болады. Бірақ әншілік саласында өз еңбегімен еленіп, еңбек етіп жатқан әншілер де баршылық. Бірақ кейбір әншілердің иірімдері де бір. Шынтауайтына келгенде, ілгерлеушілік жоқ. Онымен қоса, тілді бұрмалап айту, тіпті көп. Осы сынды мәселелер мені толғандыратыны.

Жас казак: Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?

Ұлықпан Жолдасов: Қазіргі таңда менде бос уақыт жоқ десе де болады. Осыдан 5-6 жыл бұрын Мейрамбек пен Токтар демалыс мүлдем жоқ. Еуропа елдерінде 1-2 баламен шектеліп, қалған өмірін өздеріне арнап жатады. Ал біз казак ондай халық еместің. Балаң үшін өмір сүресін. Кейін немерен үшін де бар күшінді жұмсайсың. Қазір күш-қуат барда неге жұмыс істеп қалмасқа?!

Сұхбаттасқан
Макпал
НОҒАЙБАЕВА

ЖАҢА ЖОБА


Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы қарсаңында «Қазақ радиосының» әуе толқынында ел дамуының түрлі кезеңінде жазылған отандастарымыздың поэтикалық шығармалары беріледі.

«Тәуелсіздікті жырлаймын» жобасын «Қазақ радиосы» екі ай бойы «Шеврон» компаниясымен және WikiBilim қоғамдық қорымен бірге жүзеге асырып келеді.

WikiBilim КҚ президенті Әлібек Қысыбайдың пікірінше: «Поэзия — мәдени құндылықтарды берудің ең ұтымды құралдарының бірі болғандықтан, біз аталған жоба арқылы еліміздің мәдени әлемі туралы айтқымыз келді. Бұдан басқа, біздің тыңдарман өзінің Отанына деген махаббат, туған өлкенің табиғатына тамсану сияқты ғажап сезімдердің тұтас үйлесімділігін басынан өткізеді».

Жоба аясында кәсіби роликтер жазылып, құрастырылуда. Оны қалаған адам «Қазақ радиосының» сайтынан казак және орыс тілінде, сондай-ақ «Қазақстанның ашық кітапханасынан» тыңдай алады.

«Тәуелсіздікті жырлаймын»



Қазіргі уақытта жобаға 50-ден аса адам қатысты. Олардың арасында жастар, жазушы, акын, кино және театр актерлері, білім беру саласының қызметкерлері, сондай-ақ шетел азаматтарының өкілдері бар. Әдеби жобаға қатысуға тілек білдірушілердің саны өсуде. Сондықтан ұйымдастырушылар оны жалғастыруды жоспарлап отыр.

Ұлттық идея және жастар

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Мәжіліс депутаттары студенттермен кездесті.

Жиында сөз алған Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Ғалым Мұтанов: «Ынтымағы жарасқан халық болып қалыптасуы үшін, ұлттық

ой керек. Қазақстан Тәуелсіздігін алғашы қаншама сыннан өтіп келе жатыр, болашақта дәл осы қарқынмен даму барысы жүзеге асала ма? — деген сұраққа біз тек сөзбен ғана емес, іс-әрекетпен де жауап беруіміз қажет», — деді. Студенттердің қатысуымен өткен жиын қоғамда орын алған бірқатар мәселелер төңірегіндегі сұрақтарға жауап берді. Жиынға қатысқан Мәжіліс депутаттары, ұлағатты

ұстаздар, жастар «Мәңгілік ел» идеясының терініне үніле отырып, өз ойларын ортаға салды. Кездесу соңында президиум мүшелеріне Қазақ ұлттық университеті атынан сыйлықтар берілді.



Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Төлен ТІЛЕУБАЙ Бас редактордың орынбасары — Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет

Макпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 140 48 30)

Кезекші редактор
Марат МАМАНБАЙ

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел. факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2098;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралының есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуесқолдарының ұшақтарында бар.